



Құдайдан бас тартқан патшалар





Published by the Comic Bible Society, LLC
Copyright © 2022

Kingstone Comics maintains copyright to
this comic book as provided by United
States copyright law.

Print and digital copies of this version may
be freely distributed without penalty under
a Creative Commons license.





ҚҰДАЙ ЖАС БАҚТАШЫ ДӘУИТТИ ИСРАИЛДІҢ
ПАТШАСЫ БОЛУ ҮШІН ТАҒАЙЫНДАДЫ.

ҚҰДАЙ ДӘУИТТИҢ
ПАТШАЛЫҒЫН
ЖАРЫЛҚАП, ОДАН
БЕТЕР ҮЛКЕИТТИ.

ДӘУИТ ПАТШАДАН КЕЙІН ҰЛЫ СҮЛЕЙМЕН
ПАТША БОЛДЫ. СҮЛЕЙМЕННІҢ
ӘЙЕЛДЕРІ ОНЫҢ ЖҮРЕГІН ҚҰДАЙ
ТАҒАЛАДАН АЛЫСТАТЫП ЖІБЕРДІ.

ҚҰДАЙ СҮЛЕЙМЕН ПАТШАДАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҰҚЫМЫНАН
ҚОЛДАРЫНАН ПАТШАЛЫҒЫН АЛА БАСТАДЫ.

БІРАҚ ҚҰДАЙ ДӘУИТ ҮШІН СҮЛЕЙМЕННІҢ
БІР РУЫН ҚАЛДЫРДЫ. СОЛ РУДАН УӘДЕ
ЕТІЛГЕН МӘСІХ КЕЛУІ КЕРЕК ЕД.

СҮЛЕЙМЕН ҚАЙТЫС БОЛҒАННАН КЕЙІН ИСРАИЛ
ЕКІГЕ БӨЛІНІП КЕТТИ-ИСРАИЛ МЕН ЯХУДАҒА. ОЛАР
ЕНДІ ЕШҚАШАНДА БҰРЫНҒЫДАЙ МЫҚТЫ ЖӘНЕ
БІРЛІКТЕ БОЛМАДЫ.

КЕЛЕСІ БЕТТЕР ИСРАИЛДІҢ РУХАНИ ЖӘНЕ
ДЕНЕМИ ҚҰЛДЫРАУЫ ЖАЙЫНДА ЖАЗЫЛҒАН.

КӨНЕ ӨСИЕТТЕГІ ЖАЛҒАН ТӘНІРЛЕР

РАХИЛАНЫҢ ШАҒЫН
ТӘНІР БЕЙНЕЛЕРІ.
ЖАРАТЫЛЫСТЫҢ БАСТАУЫ 31:19

СИНАЙДАҒЫ АЛТЫННАН
ЖАСАЛҒАН ЖАС БҰҚА МҮСІНІ.
МЫСЫРДАН ШЫҒУ 32



АШЕРА-ТИР ЕЛІНІҢ ЕН
БАСТЫ ЖАЛҒАН ТӘНІРІ
БИЛЕР 6:24-32

ДАҒОН-ФИЛІСТІРЛЕРДІҢ
ТЕНІЗ ЖӘНЕ ЖЕР
ӨНІМІНІҢ ҚҰДАЙЫ,
БАҒАЛ ӘКЕСІ.
БИЛЕР 16:23-30,
ПАТШАЛЫҚТАР 1Ж:51-7

НАННА-УР ЕЛІНІҢ АЙ ҚҰДАЙЫ.

ЫБЫРАЙЫМ ШЫНАЙЫ ҚҰДАЙҒА БЕТ
БҰРАР АЛДЫНДА, ОСЫ ЖАЛҒАН
ТӘНІРСЫМАҚТАРҒА ТАБЫНДЫ.

ЕШУА 24:2

**МОЛОХ-АММОНДЫҚТА
РДЫҢ ТӘНІРІ.**

ПАТШАЛЫҚТАР 3Ж:117,
ШЕЖІРЕЛЕР 2Ж: 28:14,33:6

**АСТАРТА-ХАНААН
ЕЛІНІҢ ҚҰДАЙЫ,
БАҒАЛӘМЕЛІ.**

ПАТШАЛЫҚТАР 1Ж:73-4

**ДАН ЖӘНЕ БЕТЕЛ
ЕЛІНІҢ АЛТЫН
БҰҚА МҮСІНІ.**

ПАТШАЛЫҚТАР 3Ж:12:28-31

**БАҒАЛ-ХАНААНН
ЫҢ ЕҢБИК
ҚҰДАЙЫ**

**ПАТШАЛЫҚТАР 3ЖІ 317-40;
ПАТШАЛЫҚТАР 4Ж.
10:23 11:13**

**РИММОН-АРАМАЛЫҚ
ӘСКЕР БАСШЫСЫ АЛАПЕР
НАҒЫМАННЫҢ ҚҰДАЙЫ**

ПАТШАЛЫҚТАР 4Ж 51-519

**МЕРОДАХ-БАБЫЛДЫҢ
ЕҢ БАСТЫ ҚҰДАЙЫ**

ЕРЕМИЯ 50:2

**ТАММУЗ -
АШЕРАХТЫҢ КҮЙЕУІ
МЕН АҒАСЫ / ИШТАР,
ҚҰНАРЛЫЛЫҚ ҚҰДАЙЫ**

ЕЗЕКИЕЛ 8:14

СЕННАХИРИМ НИСРОХ
ЕСІМДІ ЖАЛҒАН ТӘНІРІ.
ПАТШАЛЫҚТАР 4ЖІ 1937


НЕФО-БАБЫЛДЫҢ
ДАНАЛЫҚ ЖӘНЕ
ӘДЕБИЕТ ҚҰДАЙЫ.

ИШАЯ 46:1



НАБУХОДОНОСОР ПАТШАНЫҢ
АЛТЫННАН МҮСІНІ
БАБЫЛ АЙМАҒЫНДАҒЫ ДУРА
ЖАЗЫҒЫНАДА

ДАНИЯЛ 2



ИСРАИЛДІҢ ПАТШАЛАРЫ (БӨЛІНГЕН ПАТШАЛЫҚ).

Б.З.Д. БАРЛЫҚ УАҚЫТТАР



ЕРОБОҒАМ
931-913



НАДАБ
910-909



БАҒАСА
909-886



ТИБНИ
885-880



ОМРИ
885-874



ЕХУ
841-814



ИОҒАХАЗ
814-798



ЖОҒАС
798-782



ШАЛЛУМ
752



МЕНАХИМ
752-742



ИЛА
886-885



ЗИМРИ
885



АХАБ
853-852



ОХОЗИЯХ
853-852



ЖОРАМ
852-841



ЕРОБОАМ2
793-753



ЗӘКӘРИЯХ
753



ПАҚИЯХ
742-740



ПАҚАХ
752-732



ОШИЯ
732-722

ЯҺУДА ПАТШАЛАРЫ БӨЛІНГЕН ПАТШАЛЫҚ

Б.З.Д. БАРЛЫҚ УАҚЫТТАР



РОХОБОҒАМ
931-913



АБИЯХ
913-911



ОХОЗИЯХ
841



АТАЛИЯ
841-835



ЖОҒАС
835-796



ЖОТАМ
750-731



АХАЗ
735-731



ЖОСИЯ
640-609



ХОҒАХАЗ
609



ЖОХАҚЫМ
605-597



АСА
911-870



ЖОСАПАТ
873-848



ЖОРАМ
853-841



АМАСИЯХ
796-767



ҰЗИЯХ
790-739



ЕЗЕКИЯ
715-686



МАНАСА
695-642



АМОН
642-640



ЕХОНИЯХ
597



СЕДЕКИЯХ
597-586

СОЛ КЕЗДЕРІ РОХАБОҒАМ СИХЕМ ҚАЛАСЫНА
БАРДЫ, СЕБЕБІ БҮКІЛ ИСРАИЛ ХАЛҚЫ ОНЫ ПАТША
ЕТПЕ БЕКІТУ ҮШІН СИХЕМГЕ ЖИНАЛҒАН ЕДІ.



БҮЛ ТУРАЛЫ ХАБАР АЛҒАН НАБАТ ҰЛЫ
ЕРОБОҒАМ СҮЛЕЙМЕН ПАТШАДАН ҚАШЫП
БАРҒАН МЫСЫР ЕЛІНЕН ҚАЙТА ОРАЛДЫ.



ӘКЕҢІЗ МАРҚҰМНЫҢ
БІЗГЕ АРТҚАН ЖҮГІ
ТЫМ АУЫР!

ОНЫҢ МОЙНЫМЫЗҒА
САЛЫП ҚОЙҒАН АЗАПТЫ
ҚЫЗМЕТІ МЕН ЗІЛДЕЙ ЖҮГІН
ЖЕҢІЛДЕТСЕҢІЗ, СІЗГЕ ҚЫЗМЕТ
ЕТЕТІН БОЛАМЫЗ!



ҚАЗІР КЕТЕ
БЕРІҢДЕР, МАҒАН
ҮШ КҮННЕН КЕЙІН
ҚАЙТЫП КЕЛІҢДЕР!



МЫНА ХАЛЫҚҚА
ҚАНДАЙ ЖАУАП БЕРУ
КЕРЕК, НЕ ДЕП КЕҢЕС
БЕРЕСІЗДЕР?

ЕГЕР ДЕ БҮГІН БҮЛ
ХАЛЫҚТЫҢ ҚЫЗМЕТШІСІ
БОЛЫП, АЙТҚАНДАРЫНА
ҚҰЛАҚ АСЫП ҰЙМАҒА
КЕЛСЕҢІЗ, ОНДА ОЛАР
ӘРДАЙЫМ СІЗДІҢ
ҚЫЗМЕТШІЛЕРІҢІЗ
БОЛМАҚ!



МЕНІҢ ӘКЕМЕ
АҚЫЛ-КЕҢЕС
БЕРЕТІСІЗДЕР...

БІЗ САҒАН
КЕҢЕС БЕРУ ҮШІН КҮТТІК...
АҚСАҚАЛДАРДІКІНДЕЙ
ЕМЕС... ЕСКЕРГЕН
КЕҢЕСТЕР ЕМЕС.

ОСЫЛАЙ ЖАУП
БЕРУІҢДЕ КЕҢЕС
ЕТЕМІЗ...





ОЛАРҒА БЫЛАЙ
ДЕП ЖАУАП БЕР: ӘКЕМ
СЕНДЕРГЕ АУЫР ЖҮК
АРТҚАН БОЛСА, МЕН
СОНЫҢ ҮСТІНЕ ТАҒЫ
ДА ҚОСАМЫН!

ӘКЕМ СЕНДЕРДІ ЖАЙ
ҚАМШЫМЕН ҰСТАҒАН
БОЛСА, МЕН ДОЙЫР
ҚАМШЫНЫҢ АСТЫНА
АЛАМЫН!

БҮЛ
АҚЫЛДАРЫНДЫ
ҰНАТТЫМ, ОЛАР
МЕНЕН
ҚОРЫҚСЫН



ҮШ КҮН ӨТКЕННЕН
КЕЙІН...

ПАТШАМЫЗ
НЕ ДЕЙСІЗ?

ПАТШАНЫЗ
БЫЛАЙ ДЕЙДІ...



ӘКЕМ СЕНДЕРГЕ АУЫР
ЖҮК АРТҚАН БОЛСА, МЕН
СОНЫҢ ҮСТІНЕ ТАҒЫ ДА
ҚОСАМЫН!

ӘКЕМ СЕНДЕРДІ ЖАЙ
ҚАМШЫМЕН ҰСТАҒАН
БОЛСА, МЕН ДОЙЫР
ҚАМШЫНЫҢ АСТЫНА
АЛАМЫН!



ДӘУІТКЕ БІЗДІҢ
ҚАТЫСЫМЫЗ
ЖОҚ!

МЕКЕНДЕРІҢЕ
ҚАЙТЫҢДАР,
ИСРАИЛДІКТЕР!
ДӘУІТ, ӨЗ ҮЙІҢЕ-АҚ
БИЛІК ЕТЕ БЕР!



СОНДА ОЛ МІНДЕТТІ ЖҰМЫСТАРДЫ БАСҚАРУШЫ АДОНИРАМДЫ
ХАЛЫҚҚА ЖІБЕРДІ. БІРАҚ ОЛАР ОНЫ ТАСПЕН АТҚЫЛАП ӨЛТІРДІ.

АЛ РОХАБОҒАМ ПАТШАНЫҢ ӨЗІ КҮЙЕСІНЕ
СЕКІРІП МІНІП, ИЕРУСАЛИМГЕ ҚАШЫП ҚҰТЫЛДЫ.

ОСЫЛАЙ РОХАБОҒАМ ЯХУДАҒА БИЛІК ЕТТІ,
АЛ ЕРОБОҒАМ ИСРАИЛГЕ ПАШТА БОЛДЫ.



БІР ЖҮЗ СЕКСЕН
МЫҢ ТАҢДАУЛЫ
САРБАЗЫН
ЖИНАҒДАР.

МЕН ОЛАРҒА
КӨРСЕТЕМІН МАҒАН
ҚАРСЫ ШЫҚҚАҢДАРЫ
ҚАЛАЙ ЕКЕН. ОЛАР
ЕШҚАШАН ҰМЫТПАЙТЫН
БОЛАДЫ.



ҚҰДАЙ ӨЗІНІҢ
ТАҢДАҒАН АДАМЫ
ШЕМАЯХ, НЕГЕ
ТОҚТАТЫП ТҰРСЫН?

МЕН ПАТШАМНЫҢ
ДҮШПАНДАРЫНАН КЕК
АЛУҒА КЕТІП БАРА
ЖАТЫРМЫН.



ЖОРЫҚҚА
АТТАНЫП, ӨЗ
АҒАЙЫНДАРЫҢ —
ИСРАИЛДІКТЕРМЕН
СОҒЫСПАҒДАР!

БАРЛЫҒЫҢ ДА
ҮЙЛЕРІҢЕ ҚАЙТЫҢДАР!
СЕБЕБІ МҰНЫ ІСТЕП
ОТЫРҒАН ӨЗІММІН!



СОЛ УАҚЫТТА...

ЕРОБОҒАМ ИСРАИЛДІҢ ОҢ ТҮСТІК ПЕН СОЛ
ТҮСТІГІНДЕ ТАБЫНУ ҮШІН АЛТЫН БҰҚА ЖАЛҒАН
ТӘҒІРІНЕ АРНАП ҚҰРБАНДЫҚ ЖЕРІН ОРНАТТЫ.



МЕН БАЙҚАУ
КЕРЕКПІН. ӘЙТПЕСЕ
МЫНА ХАЛЫҚ ДӘУІТТІҢ
НЕМЕРЕСІН ПАТША
ҚЫЛЫП ҚОЯДЫ.

ЕГЕР ОЛАР ТАБЫНУ
ҮШІН ИЕРУСАЛИМГЕ
БАРАТЫН БОЛСА, ОНДА
ОЛАР РОБОХАМНЫҢ
ЖАҒЫНА ӨТІП, ОНЫ
ПАТША ҚЫЛАДЫ.



ИЕРУСАЛИМГЕ БАРУ
СЕНДЕРГЕ ТЫМ ҚИЙЫН ҒОЙ.
ӘЙ, ИСРАИЛ, СЕНІ МЫСЫР
ЕЛІНЕН БАСТАП АЛЫП
ШЫҚҚАН ТӘҢІРЛЕРІҢ
ОСЫЛАР!



ПАТША ӨЗ БЕТІМЕН
МЕЙРАМДАРДЫ ОЙЛАП
ШЫҒАРДЫ ЖӘНЕ ДЕ
ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ
ӨЗІ ТАҒАЙЫНДАДЫ.

БҮЛ ДҰРЫС ЕМЕС
ҚОЙ...ҚҰДАЙ БІЗГЕ ӨЗІ
ТАҒАЙЫНДАҒАН
МЕЙРАМДАРДЫН ТОЙЛАУ
КЕРЕКПІЗ ЖӘНЕ ДІНИ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҲАРОН
ҰЛДАРЫ БОЛУЫ
КЕРЕК.

ЖАҚЫНДА КЕЗ
КЕЛГЕН АДАМ ДІН
ҚЫЗМЕТКЕРІ БОЛА
АЛАДЫ.



ОСЫ СҰМДЫҚ ІС ЕРОБОҒАМНЫҢ
ӘУЛЕТІНІҢ АУЫР КҮНӘСІНЕ АЙНАЛДЫ.
СОНЫҢ КЕСІРІНЕН БҮКІЛ ӘУЛЕТ ЖОҒАЛЫП,
ЖЕР БЕТІНЕН ҚҰРЫП КЕТЕТІН БОЛДЫ.



О, ҚҰРБАНДЫҚ ҮСТЕЛІ,
(ЖЕКСҰРЫН) ҚҰРБАНДЫҚ ҮСТЕЛІ!
ЖАРАТҚАН ИЕ МЫНАНЫ АЙТАДЫ:
ДӘУІТТІҢ ӘУЛЕТІНЕН ЖОСИЯ ЕСІМДІ
БІРЕУ ШЫҒАДЫ. ҚАЗІР СЕНІҢ ҮСТІНДЕ
БИІКТЕУ ЖЕРЛЕРДЕГІ ТАБЫНУ
ОРЫНДАРЫНЫҢ ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ
ҚҰРБАНДЫҚТАР ӨРТЕП, ХОШ ИІСТІ
ЗАТТАРДЫ ТҮТЕТІП ЖАТЫР.



БІРАҚ ЖОСИЯ ОСЫ ДІНИ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ӨРТЕП
ЖІБЕРЕДІ! СОНДА ҮСТІНДЕ
АДАМНЫҢ СҮЙЕКТЕРІ
ӨРТЕЛЕТІН БОЛАДЫ!

ЖАРАТҚАН ИЕ
КӨРСЕТЕТІН КЕРЕМЕТ
БЕЛГІ МЫНАДАЙ БОЛАДЫ:
ҚҰРБАНДЫҚ ҮСТЕЛІ ҚАҚ
ЖАРЫЛЫП, ОНЫҢ ҮСТІНДЕГІ
МАЙЛЫ БӨЛШЕКТЕРДІҢ КҮЛІ
ШАШЫЛЫП ҚАЛАТЫН
БОЛАДЫ!



ҰСТАНДАР
МЫНАНЫ ПАТШАҒА ҚАРСЫ
ПАЙҒАМБАРШЫЛЫҚ
СӨЗДЕР АЙТЫП ЖАТЫР.



ҚҰДАЙЫҢЫЗ
ЖАРАТҚАН ИЕГЕ
ЖАЛБАРЫНА КӨРІҢІЗ!
ОЛ МАҒАН РАҚЫМ ЕТІП
ҚОЛЫМДЫ БҰРЫНҒЫ
ҚАЛПЫНА КЕЛТІРЕ КӨРСІН
ДЕП МІНАЖАТ ЕТСЕҢІЗ
ЕКЕН!



САРАЙЫМА КІРІП,
БІРАЗ ТЫНЫҒЫП, ТАМАҚ
ІШІП, ӘЛДЕНІП АЛЫҒЫЗ.
СОДАН СОҢ МЕН СІЗГЕ БІР
СЫЙЛЫҚТЫ ТАРТУ
ЕТЕМІН.

МАҒАН ТІПТІ
САРАЙЫҢНЫҢ
ЖАРТЫСЫН СЫЙҒА
БЕРСЕҢ ДЕ, САҒАН ЕРІП
ОҒАН КІРМЕС ЕДІМ!
ОСЫ ЖЕРДЕ НЕ ТАМАҚ
ЖЕҮІМЕ, НЕ СУ ІШҮІМЕ
БОЛМАЙДЫ.



ӘКЕ, БІЗ БЕТЕЛДЕ ЖАҢА ҒАНА НЕ
КӨРГЕНІМІЗДІ АЙТСақ сенбейсін. құдайдың
пайғамбары еробоғамның құрбандық
мүсіндерін құдайдың атымен қарғыстап,
сосын құдай патшаның қолын
қасарыстырып қойды, алайда
пайғамбар дұға етіп, қолды
қалпына келтірді.

ОЛ ПАЙҒАМБАР
ҚАЙ ЖЕРДЕ ЕКЕН?
МЕН ОҒАН БАРЫП
КЕЛЕЙІН.



ҚҰДАЙДЫҢ
ЯҺУДАДАН КЕЛГЕН
ПАЙҒАМБАРЫ СІЗ БЕ
ЕДІҢІЗ?

Иә,
солмын

МЕНІМЕН БІРГЕ
ҮЙІМЕ БАРЫП,
ТАМАҚ ІШІҢІЗ!



СІЗГЕ ЕРІП КЕРІ
ҚАЙТЫП БАРА
АЛМАЙМЫН. СІЗБЕН
ОСЫ ЖЕРДЕ НЕ НАН
ЖЕҮІМЕ, НЕ СУ ІШҮІМЕ
ДЕ БОЛМАЙДЫ.

МЕН ДЕ ӨЗІҢ СІЯҚТЫ
ПАЙҒАМБАРМЫН. МАҒАН
ПЕРІШТЕ КЕЛІП, ЖАРАТҚАН
ИЕНІҢ: «ӨЗ ҮЙІҢЕ АЛЫП
КЕЛ, ОЛ НАН ЖЕП, СУ
ІШСІН!» ДЕГЕН БҰЙРЫҒЫН
ЖЕТКІЗДІ



СОНДА ҚҰДАЙДЫҢ ЖІБЕРГЕН АДАМЫ ЖОЛЫНАН
КЕРІ ҚАЙТЫП, ОНЫМЕН БІРГЕ ҮЙІНЕ КІРІП, НАН
ЖЕП, СУ ІШТІ.



АЛАЙДА ОСЫ ОҚИҒАДАН КЕЙІН ДЕ ЕРОБОҒАМ ЗУЛЫМ ЖОЛЫНАН ҚАЙТПАДЫ. ОНЫҢ ҰЛЫ АУЫРЫП ҚАЛДЫ.



БІЗДІҢ ҰЛЫМЫЗ
ҚАТТЫ АУЫРЫП
ЖАТЫР-БІЗ ҚОЛ
ҚҰСЫРЫП ОТЫРА
АЛМАЙМЫЗ.

ЖИНАЛЫП, ЖОЛҒА
ШЫҚ. ШИЛОҒА БАР. МЕНІҢ
ОСЫ ХАЛЫҚҚА ПАТШАЛЫҚ
ҚҰРАТЫНЫМДЫ АЛДЫН АЛА
АЙТҚАН АХИЯХ ПАЙҒАМБАР СОЛ
ЖЕРДЕ ТҰРЫП ЖАТЫР.

ОҒАН ОН КҮЛШЕ НАН,
БІРСЫПЫРА ТӘТТІ НАН ЖӘНЕ
БІР ҚҰМЫРА БАЛ АЛА БАР.
ҰЛЫМЫЗБЕН НЕ БОЛАТЫНЫН
ОЛ САҒАН АЙТЫП БЕРЕ
АЛАДЫ.



ҚАРТАЙҒАН АХИЯХ КӨЗІ КӨРМЕЙ
ҚАЛҒАН, ЗАҒИП БОЛАТЫН.

АЛАЙДА ЖАРАТҚАН ИЕ ОҒАН
ЕРОБОҒАМНЫҢ ӘЙЕЛІ ӨЗІНІҢ
АУЫРЫП ҚАЛҒАН ҰЛЫ ТУРАЛЫ
СҰРАСТЫРЫП, БАСҚА БІРЕУ
БОЛҒАНСЫП СЫРТ КЕЙПІН ӨЗГЕРТІП
КЕЛЕДІ ДЕП БІЛДІРГЕН ЕДІ.




КЕЛ, КІРЕ БЕР,
ЕРОБОҒАМНЫҢ ӘЙЕЛІ!
НЕГЕ СЕН БАСҚА БІРЕУ
БОЛҒАНСЫП СЫРТ
КЕЙПІНДІ ӨЗГЕРТІП
АЛДЫҢ?

АЛ МЕНІҢ
САҒАН АЙТАР
АУЫР
ХАБАРЫМ БАР.



КҮЙЕУІҢ ЕРОБОҒАМҒА ҚАЙТЫП БАРЫП,
ОҒАН БЫЛАЙ ДЕ: «ИСРАИЛДІҢ КҮДАЙЫ
ЖАРАТҚАН ИЕ МЫНАНЫ АЙТАДЫ: МЕН СЕНІ
ХАЛЫҚТЫҢ АРАСЫНАН КӨТЕРІП, ХАЛҚЫМ
ИСРАИЛДІҢ ҮСТІНЕН БІЛЕУШІ ЕТІП
ТАҒАЙЫНДАДЫМ.





МЕН ПАТШАЛЫҚ БИЛІКТІ ДӘУІТТІҢ ӘУЛЕТІНЕН ЖҰЛЫП АЛЫП, САҒАН БЕРДІМ. АЛАЙДА СЕН ӨЗІМЕ АДАЛ БОЛҒАН ҚЫЗМЕТШІМ ДӘУІТ СІЯҚТЫ БОЛМАДЫҢ.



АЛ СЕНІҢ ЗУЛЫМДЫҒЫҢ ӨЗІҢНЕН БҰРЫН ӨТКЕНДЕРДІҢ ҚАЙ-ҚАЙСЫСЫНАН ДА БАСЫМ БОЛДЫ. СЕН ӨЗІҢЕ ЖАЛҒАН ТӘҢІРЛЕР ТАНДАП, ЖАС БУҚА МҮСІНДЕРІН ЖАСАТЫП АЛДЫҢ.

СОЛ СЕБЕПТІ МЕН ЕРОБОҒАМНЫҢ ӘУЛЕТІН ҚҰРТЫП ЖІБЕРЕТІН БОЛАМЫН. ОСЫ АУРУ ҰЛЫН ДА, САУЛАРЫ ДА ӨЛЕТІН БОЛАДЫ.



ҚИ-ТЕЗЕКТІ ҚАЛАЙ ӨРТЕП ЖОҚ ҚЫЛАТЫН БОЛСА, МЕН ДЕ ДӘЛ СОЛАЙ ЕРОБОҒАМНЫҢ ӘУЛЕТІН ҚҰРТЫП ЖОҚ ҚЫЛАМЫН.

ОНЫҢ ӘУЛЕТІНЕ ЖАТАТЫН АДАМ ҚАЛАДА ӨЛСЕ, ОНЫ ИТТЕР ЖЕЙДІ, ДАЛАДА ӨЛСЕ, ӘУЕДЕГІ ҚҰСТАР ШОҚИДЫ!



АЛ ЕНДІ, ӨЗІҢ ТҮР ДА, ҮЙІҢЕ ҚАЙТ. ҚАЛАҒА АЯҒЫҢДЫ БАСЫП КІРЕ САЛЫСЫҢМЕН, ҰЛЫҢ ҚАЙТЫС БОЛАДЫ. ОНЫ ИСРАИЛДІҢ БҮКІЛ ХАЛҚЫ ЖОҚТАП ҚАБІРГЕ ҚОЯТЫН БОЛАДЫ

ЕРОБОҒАМНЫҢ ӘУЛЕТІНЕН ҚАБІРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛҒЫЗ СОЛ БОЛАДЫ. СЕБЕБІ ЕРОБОҒАМНЫҢ БҮКІЛ ӘУЛЕТІНЕН ТЕК ОСЫ БАЛАДАН ҒАНА ИСРАИЛДІҢ ҚҰДАЙЫ ЖАРАТҚАН ИЕГЕ ДЕГЕН АДАЛДЫҚ ТАБЫЛДЫ.

ЕНДЕШЕ ЖАРАТҚАН ИЕ СОЛТУСТІК ИСРАИЛГЕ БИЛІК ҚҰРАТЫН ПАТШАНЫ ТАҒАЙЫНДАП АЛМАҚ, ОЛ ЕРОБОҒАМНЫҢ ӘУЛЕТІН ҚҰРТАТЫН БОЛАДЫ.

ЖАРАТҚАН ИЕ ИСРАИЛГЕ СОҚҚЫ БЕРЕДІ, СОНДА ОЛ БҰРҚАНҒАН СУДЫҢ АҒЫСЫМЕН ЖЕЛ ТЕРБЕТКЕН БІР ҚАМЫСҚА ҰҚСАЙТЫН БОЛАДЫ.

ЖАРАТҚАН ИЕ СОЛТУСТІК ИСРАИЛДІҢ ХАЛҚЫН ҚҰРТЫП, ОЛАРДЫ ЕВФРАТ ӨЗЕНІНІҢ АРҒЫ ЖАҒЫНА ШАШЫРАТЫП ЖІБЕРЕДІ.



ӨЙТКЕНІ ОЛАР ЖАЛҒАН ТӘҢІРЛЕРГЕ ТАБЫНУМЕН ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ҚАҺАРЫН ТУҒЫЗДЫ.

ЕРОБОҒАМНЫҢ КҮНӘҒА БАТЫП, ЕЛДІҢ ХАЛҚЫН ДА СОЛ КҮНӘЛАРҒА ЕЛІКТІРГЕНІНЕ БОЛА ЖАРАТҚАН ИЕ СОЛТУСТІК ИСРАИЛДІ ТАСТАП КЕТЕДІ

ҰЛ ҚАЙТЫС БОЛДЫ
ЖӘНЕ ДЕ ЕРОБОҒАМ

ЖОООООҚ!

АЛ ЕРОБОҒАМНЫҢ БАСҚА ДА ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ, ОНЫҢ ЖҮРГІЗГЕН
СОҒЫСТАРЫ МЕН ҚАЛАЙ ПАТШАЛЫҚ ҚҰРҒАНЫ ЖАЙЛЫ
«ИСРАИЛ ПАТШАЛАРЫНЫҢ ЖЫЛНАМАЛАРЫ» КІТАБЫНДА
БАЯНДАЛҒАН. АЛАЙДА ОЛ ИСРАИЛДІ КҮНӘҒА БАТЫРДЫ.

СОЛ АРАДА СҮЛЕЙМЕН ҰЛЫ РОХАБОҒАМ
ЯҺУДАДА ПАТШАЛЫҚ ҚҰРДЫ. ОНЫҢ
ЗАМАНЫНДА ЯҺУДА ХАЛҚЫ ЖАРАТҚАН
ИЕГЕ ЖЕК КӨРІНІШТІ ІСТЕР ІСТЕЙ БЕРДІ.

ОЛАР ӨЗДЕРІ ҮШІН БИІКТЕУ ЖЕРЛЕРДЕ ҒИБАДАТ ОРЫНДАРЫН
САЛЫП, ӘР БИІК ТАУ-ТӨБЕНІҢ БАСЫНДА, ӘРБІР САЯЛЫ АҒАШТЫҢ
ТҮБІНДЕ ЖАЛҒАН ТӘҢІРЛЕРГЕ АРНАП ТАС БАҒАНАЛАР ҚОЙДЫ.

МЫСЫР ПАТШАСЫ
ШҮШАҚ ИЕРУСАЛИМГЕ
ҚАРСЫ АТТАНЫП,
ҚАЛАҒА ӨРЛЕП ЖЕТТІ.

ПАЙҒАМБАРЛАР
ДҮРЫС АЙТҚАН ЕКЕН.
ЖАРАТҚАН ИЕ ЖАЛҒАН
ТӘҢІРЛЕРГЕ
ТАБЫНҒАНЫМЫЗ ҮШІН
БІЗДІ ЖАЗАЛАДЫ.

ШҮШАҚ ПАТША ЖӘНЕ ОНЫҢ
ӘСКЕРІ ИСРАИЛГЕ СОҒҚЫ БЕРДІ.

ОЛ БІР НӘРСЕ
ЖАСАДЫ...

BOOM



ГИБАДАТХАНАНЫҢ
БАРЛЫҚ ҚАЗЫНАЛАРЫН
ЖӘНЕ АЛТЫНДАРЫН
ЖИНАП АЛЫНДАР.

БҰЛАРМЕН МЕНІҢ
САРАЙЫМДЫ
БЕЗЕНДІРЕМІН.



ПАТША КЕТЕ БЕРСІҢ.
БІЗ ҚАЙТЫП КЕТЕМІЗ,
ИЕРУСАЛИМНІҢ БАРЛЫҚ
ҚАЗЫНАЛАРЫН ЖИНАП
АЛА БАРАМЫЗ.

БҰЛ ОЛАРДЫҢ
ПАТШАСЫНА
САБАҚ БОЛАТЫН
БОЛДЫ.



КЕЙІНІРЕК РОХАБОҒАМ ПАТША
СОЛАРДЫҢ ОРНЫНА ҚОЛАМЕН
ҚАПТАЛҒАН ҚАЛҚАНДАР ЖАСАТЫП,
ОЛАРДЫ ПАТША САРАЙЫНЫҢ
ЕСІКТЕРІН КҮЗЕТЕТІН САҚШЫЛАРДЫҢ
БАСШЫЛАРЫНА ТАБЫСТАДЫ.

РОХАБОҒАМ КӨЗ ЖҰМЫП, ҰЛЫ АБИЯХ
ОНЫҢ ОРНЫН БАСЫП ПАТША БОЛДЫ.

АБИЯХ ӨЗІНЕН БҰРЫН ПАТША БОЛҒАН ӘКЕСІНІҢ ЖОЛЫМЕН ЖҰРІП,
ОНЫҢ ЖАСАҒАН КҮНӘЛАРЫНЫҢ БАРЛЫҒЫН ДА ЖАСАЙ БЕРДІ.

АШЕРАҒА АРНАЛҒАН АҒАШ
БАҒАНАСЫ ТҰРА БЕРСІН. ^[1]

^[1] - ЖОҒАРЫ ОРЫНДАР ПУТҚА ТАБЫНУШЫЛЫҚ ДІНИ ҒИБАДАТ
ОРЫНДАРЫ БОЛДЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУ, ЖЕЗӨКШЕЛІК,
ХОШ ИІСТІ ЗАТ ЖАҒУ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰРБАНДЫҚТАРЫ БОЛДЫ.

ОЛАР БАҒАЛ МЕН АШЕРАНЫҢ "ҚҰДАЙЛАРЫНА", СОНДАЙ-АҚ КҮН,
АЙ, ШОҚЖҰЛДЫЗДАР МЕН БҮКІЛ АСПАН ӘСКЕРІНІҢ ҚҰДАЙЛАРЫНА
ТАБЫНУДЫ БАСҚАРҒАН БАС ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР БОЛДЫ. ^[2]

^[2] БИІК ЖЕРЛЕРДЕ ҚҰНАРЛЫЛЫҚ БАҒАДАРЫ
ОЙЫЛЫП, ӘЙЕЛ ҚҰНАРЛЫЛЫҒЫНЫҢ ҚҰДАЙЫ
БЕЙНЕЛЕНГЕН ЖЫНЫСЫ МЕН ЕРКЕК ҚҰДАЙЛАРЫ.

АБИЯХТЫҢ КӨЗІ ТІРІСІНДЕ ЕРОБОҒАМ ЕКЕУІНІҢ
АРАСЫНДА ҰДАЙЫ СОҒЫС ЖҰРІП ЖАТТЫ.

БІРАҚ ҚҰДАЙ ОҒАН ҮШ ЖЫЛ ТАҚҚА ОТЫРУҒА
РҰҚСАТ БЕРДІ, СОДАН КЕЙІН ОЛ ҚАЙТЫС БОЛДЫ.

БІРАҚ ҚҰДАЙ ОҒАН ҰЛ АСА
БЕРДІ, ОЛ ӘКЕСІНІҢ
ЖОЛЫМЕН ЖҰРМЕУГЕ
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ.



БІРДЕ БАҒАСА ЯҺУДА ЕЛІНЕ ҚАРСЫ АТТАНЫП, ӨРЛЕП БАРДЫ.



ЕРОБОҒАМНЫҢҰЛЫН ӨЛТІРІП, ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ӨЗІНІҢ ҚЫЗМЕТШІСІ АХИЯХ ПАЙҒАМБАР АРҚЫЛЫ АЙТҚАН СӨЗІ ОСЫЛАЙ ЖҰЗЕГЕ АСТЫ.

ЕРОБОҒАМ
ОТБАСЫНЫҢ
ҚАЛҒАН МҰШЕЛЕРІН
ӨЛТІРІҢІЗ -
БІРДЕ-БІРЕУІ АМАН
ҚАЛМАСЫН.

БАҒАСА ТЕК КІСІ ӨЛТІРУШІ ҒАНА БОЛМАЙ, СОНЫМЕН БІРГЕ ЕРОБОҒАМНЫҢ КҮНӘЛАРЫН ЖАЛҒАСТЫРДЫ.

СОНДА ЖАРАТҚАН ИЕ ЕХУ ПАЙҒАМБАРҒА СӨЗІН АРНАП, ОҒАН БАҒАСАНЫ АЙЫПТАП БЫЛАЙ ДЕГІЗДІ:

МЕН СЕНІ ШАҢ-ТОЗАҢНАН КӨТЕРІП, ӨЗ ХАЛҚЫМ ИСРАИЛДІҢ ҮСТІНЕН БИЛЕУШІ ЕТІП ТАҒАЙЫНДАДЫМ. БІРАҚ СЕН ЕРОБОҒАМНЫҢ ТЕРІС ЖОЛЫМЕН ЖҮРІП ХАЛҚЫМ ИСРАИЛДІ КҮНӘ ЖАСАУҒА ЕЛІКТІРІП КЕЛЕСІҢ.

СОЛ
КҮНӘЛАРЫМЕН
ОЛАР МЕНІҢ
ҚАҒАРЫМДЫ
ТУҒЫЗУДА.

БІЛІП ҚОЙ, СОЛ
ҮШІН МЕН НАБАТ ҰЛЫ
ЕРОБОҒАМНЫҢ ӘУЛЕТІН
ТҮГЕЛ ҚҰРТҚАНЫМДАЙ. ЕНДІ
БАҒАСАНЫҢ ӨЗІН ЖӘНЕ
ОНЫҢ ӘУЛЕТІН ДЕ
ҚЫРЫП-ЖОЯМЫН.

БАҒАСАНЫҢ ӘУЛЕТІНЕ
ЖАТАТЫН АДАМ ҚАЛАДА ӨЛСЕ,
ОНЫ ИТТЕР ЖЕЙДІ, ДАЛАДА
ӨЛСЕ, ӘУЕДЕГІ ҚҰСТАР
ШОҒИДЫ!



ИЗРАИЛЬ ПАТШАСЫ БАҒАСА РАМА
ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАҚПАЛАРЫН НЫҒАЙТЫП
ҚОЙДЫ ЖӘНЕ ОЛ ҚАҚПАДАН ЕШКІМДЕ
ӨТЕ АЛМАДЫ.

ЕНДІ БІЗ ТЕК БАҒАСА
ПАТШАСЫМЕН ҮЗДІКСІЗ
СОҒЫСАТЫН БОЛДЫҚ
ҚОЙ.

ДАМАСКІДЕ БИЛІК ЕТЕТІН
БЕН-ХАДАҚА ЕЛШІ ЖІБЕРІҢІЗ.



ЕКЕҮІМІЗДІҢ
ӘКЕЛЕРІМІЗДІҢ АРАСЫНДА
КЕЛІСІМ БОЛҒАНЫНДАЙ, ЕНДІ
БІЗ ДЕ СОНДАЙ КЕЛІСІМ
ЖАСАСАЙЫҚ!

ӨЗІҢІЗДІҢ СОЛТҮСТІК
ИЗРАИЛЬДІҢ ПАТШАСЫ
БАҒАСАМЕН ЖАСАСҚАН
КЕЛІСІМІҢІЗДЕН БАС ТАРТА
КӨРІҢІЗ. ОЛ МЕНІҢ
ШЕКАРАМНАН КЕРІ
ШЕГІНІП КЕТСІН!



МІНЕ, МЕН СІЗГЕ КҮМІС
ПЕН АЛТЫНДЫ СЫЙҒА
ЖІБЕРІП ОТЫРМЫН.

МЕНІҢ
ӘСКЕРІМ БІР
АПТА ІШІНДЕ
КЕТЕДІ.




АРАМ ӘСКЕРЛЕРІ ИЗРАИЛЬГЕ ҮЛКЕН
ШЫҒЫНДАР ӘКЕЛДІ, СОНДЫҚТАН БАҒАСА
ЯНУДАҒА ҚАРСЫ БЕКІНІСТЕР САЛУДЫ
ТОҚТАТТЫ.



АСА ПАТША БАҒАСА САЛЫП ЖАТҚАН ҚАМАЛДЫҢ ТАСТАРЫ
МЕН БӨРЕНЕЛЕРІН ТАСЫП АЛЫП КЕТУГЕ АДАМДАРЫН
ЖІБЕРДІ. СОЛАРМЕН БУНЫМ ЖЕРІНІҢ ШЕКАРАСЫНДАҒЫ
ГЕБА ЖӘНЕ МИСПА ҚАЛАЛАРЫН БЕКІТТІ.



ИСРАИЛ ПАТШАСЫ БАҒАСА
ҚАЙТЫС БОЛДЫ ЖӘНЕ
ИЕМІЗДІҢ КӨЗ АЛДЫНДА
ЖАСАҒАН БАРЛЫҚ
ЗҰЛЫМДЫҚТАРЫ ҮШІН
ЕСКЕ АЛЫНАТЫН БОЛДЫ.



ОНЫҢ УЛЫ ИЛА ТАҚҚА
ОТЫРДЫ-БІРАҚ ЕКІ ЖЫЛДАН
КЕЙІН ӨЛТІРУ ҮШІН ОҒАН
ТҰЗАҚ ҚҰРЫЛДЫ.

БІР КҮНІ ИЛА ПАТША САРАЙ БАСҚАРУШЫСЫ
ҮЙІНДЕ КӨҢІЛ КӨТЕРІП МАС БОЛЫП
ОТЫРДЫ.СОНДА ЗІМРИ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТШІСІ
СЕМСЕРІМЕН ШАУЫП ӨЛТІРІП ТАСТАДЫ.



АСА ЯҺУДЕЯДА
ҚЫРЫҚ ЖЫЛ
БИЛІК ЕТТІ.

ҚАРТАЙҒАН ШАҒЫНДА
АСА АЯҒЫ АУЫРЫП
АЗАП ШЕКТІ.



БІРАҚ ОЛ ҚАЙТЫС БОЛҒАН
КЕЗДЕ,БҮКІЛ ӨМІРІ ИЕМІЗГЕ
БАҒЫШТАЛҒАН АДАМ РЕТІНДЕ
ЕСТЕ ҚАЛДЫ.

АСАНЫҢ ҚАЛҒАН БАРЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ МЕН
ҚАЖЫР-ҚАЙРАТЫ ЖӘНЕ БЕКІТІП, НЫҒАЙТҚАН
ҚАЛАЛАРЫ ТУРАЛЫ «ЯҺУДА ПАТШАЛАРЫНЫҢ
ЖЫЛНАМАЛАРЫ» КІТАБЫНДА БАЯНДАЛҒАН.



СОНЫСЫМЕН ЗІМРИ БАҒАСАНЫҢ
БҮКІЛ ӘУЛЕТІН ҚЫРЫП ТАСТАДЫ.

ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ЕХУ ПАЙҒАМБАР АРҚЫЛЫ
БАҒАСАҒА ҚАРСЫ АЙТҚАН СӨЗДЕРІНЕ САЙ БОЛДЫ

АЛАЙДА ОНЫҢ БИЛІГІ ҚЫСҚА БОЛДЫ. ИСРАИЛ
ӘСКЕРІ МЕН КӨПТЕГЕН ИЗРАИЛЬДІКТЕР ӨЗДЕРІНІҢ
КОМАНДИРІН ОМРИДІ ПАТША ЕТІП ЖАРИЯЛАДЫ.



ОМРИ ПАТША
ЖАСАСЫН!

ИСРАИЛДІҢ БАРЛЫҚ ӘСКЕРЛЕРІ ЗІМРИГЕ
ҚАРСЫ АТТАНДЫ. ОЛ ТИРСАДА ЕДІ.

ЕҢ МЫҚТЫ АДАМДАРЫҢДЫ
ДАЙЫНДАҢДАР.



ОЛАРДЫҢ ҚАЛАНЫ ҚОЛҒА ТҮСІРГЕНІНЕ КӨЗІ
ЖЕТКЕНДЕ, ЗІМРИ САРАЙДЫҢ ІШКІ ҚОРҒАНЫНА
КІРІП АЛЫП, ҒИМАРАТҚА ОТ ҚОЙЫП, ӨРТЕНІП ӨЛДІ.



БҮЛ ОНЫҢ ЖАСАҒАН КҮНӘЛАРЫ ҮШІН ОСЫЛАЙ БОЛДЫ,
СЕБЕБІ ОЛ ДА ЖАРАТҚАН ИЕГЕ ЖЕК КӨРІНІШТІ ІСТЕР ІСТЕДІ.



БҮДАН КЕЙІН СОЛТУСТІК ИСРАИЛДІҢ ХАЛҚЫ ЕКІГЕ БӨЛІНДІ: БІР ЖАРТЫСЫ
ҒИНАТ ҰЛЫ ТАМНИДЫ ҚОЛДАСА, ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ ОМРИДЫ ЖАҚТАДЫ.



ОЛ ӨЗІН КӨШБАСШЫ РЕТІНДЕ ТАНЫТЫП
КЕЙІН ОЛ ЕКІ НӘРСЕМЕН ТАНЫМАЛ БОЛДЫ:

БІРІНШІДЕН, ОМРИ
БІРЕУДЕН САМАРИЯДАҒЫ
ҚЫРАТТЫ САТЫП АЛДЫ.
ПАТША ҚЫРАТТЫ
АЙНАЛДЫРА ҚАМАЛ
САЛЫП, ІШІНЕ ЖАҢА
ҚАЛА ТҮРҒЫЗДЫ.



ЕКІНШІСІ, ОМРИ ЖАРАТҚАН ИЕГЕ
ЖЕК КӨРІНІШТІ ІСТЕР ІСТЕДІ



ОМРИ ОН ЕКІ ЖЫЛ ПАТШАЛЫҚ ЕТТІ.
ОЛ ТЕРІС ЖОЛЫМЕН ТОЛЫҒЫМЕН
ЖҮРІП, ИСРАИЛ ХАЛҚЫН ДА ТҮККЕ
ТҮРҒЫСЫЗ ТӘҢІРСЫМАҚТАРҒА
ТАБЫНЫП, КҮНӨ ЖАСАУҒА ЕЛІКТІРДІ.

ОЛ ИСРАИЛ ТАРИХЫНДА
МӘҢГІ ҰЯТҚА ҚАЛАТЫН
ПАТШАНЫ ҰЛЫН
ҚАЛДЫРДЫ...АХАБ.



SUPERBIBLE.TV